

Цунами

Тапсырма. Мәтінді оқып, берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Цунами деген не?
2. Цунами қалай пайда болады? Оның белгілері қандай?

Су астындағы өте қатты жер сілкінуден немесе жанартаулардың атқылауынан туатын толқындарды цунами деп атайды. (жапонша *цунами* – қойнауудағы үлкен су).

Цунами қалай пайда болады? Су астындағыт жер сілкіну орталығынан жан – жаққа тау-тау толқындар, яғни цунами тарайды. Толқынның жылдамдығы мен ұзындығы өте үлкен болғандықтан, ол жойқын күшпен соғады. Ашық мұхитта цунамидің биіктігі 1-2 м-ден аспайды, ал жағалауға жағындаған кезде оның биіктігі бірден өсіп кетеді.

Цунами жер сілкіну орталығынан сағатына 800 км жылдамдықпен тарайды. Цунами келер алдында су әдетте бірнеше минут ішінде жағадан жүздеген метр, ал кейде километрге дейін шегінеді. Су неғұрлым көп шегінсе, цунами толқыны соғұрлым биік көтеріледі.

Цунами болып тұратын аудандарда оны алдын ала болжап хабарлайтын арнаулы қызмет ұйымдастырылған. Ғалымдар цунамидің жылдамдығын күні бұрын анықтап, халықты қауіпті толқындардан сақтанлыру үшін оны жағалаудағы елді мекендерге дереу хабарлайды.

Пайдаланған ресурстар :

1. Бірмағамбетов Ә. Физикалық география Алматы «Атамұра» 2015
2. <http://geographyofrussia.com/prilivy-i-otlivy/>